ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН






SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

# A1
*қарапайым деңгей*

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

ВЕБ-САЙТ | YOUTUBE | ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы



Игенова А.А. ✣ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖК

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені**

*A1*

*қарапайым деңгей*

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

LIVEWORKSHEETS

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

**Кеңесші, пікір жазғандар:**
З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

**Авторлары:** Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы
**Көркемдеуші дизайнер:** А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.
Қарапайым деңгей (А1)
2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023
© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

LIVEWORKSHEETS

**1 САБАҚ**

# V МОДУЛЬ. ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ҚАЙДА ДЕМАЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ?

## 1. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Менің — ***бар+ғы+м***
- демалу ________
- тамақ ішу ________
- сатып алу ________
- көру ________
- шомылу ________
- қыдыру ________
- танысу ________
- жүзу ________

— келеді.

Сенің — ***бар+ғы+ң***
- демалу ________
- тамақ ішу ________
- сатып алу ________
- көру ________
- шомылу ________
- қыдыру ________
- танысу ________
- жүзу ________

— келе ме?

Сіздің — ***бар+ғы+ңыз***
- демалу ________
- тамақ ішу ________
- сатып алу ________
- көру ________
- шомылу ________
- қыдыру ________
- танысу ________
- жүзу ________

— келе ме?

Оның — ***бар+ғы+сы***
- демалу ________
- тамақ ішу ________
- сатып алу ________
- көру ________
- шомылу ________
- қыдыру ________
- танысу ________
- жүзу ________

— келе ме?

## 2. Бос орынды толтырыңыз, оқыңыз.

**Менің ауыр+ғы+м келмейді.**

Менің —
- онымен кездес______
- үй жина________
- сөйлес_______
- кездес _______
- таныс _________
- тамақ іш _________

— келеді?

**Сенің не алғы+ң келеді?**

Сенің —
- қандай көлік сатып _____
- қайда демал ________
- кіммен бар ________
- қандай шай іш ________
- қандай кітап оқы ______
- қайда бар ________

— келеді?

**Сіздің не іш+кі+ңіз келеді?**

Сіздің —
- не сатып ал_______
- қайда бар________
- кіммен таныс______
- қандай кино көр_____
- қандай кофе ________

— келеді?

**Оның қонаққа бар+ғы+сы келмейді.**

Оның —
- ыдыс жу ________
- үй жина ________
- сенімен сөйлес _____
- сені көр _________
- сенімен таныс _____

— келмейді.

## 3. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыздар.

**а**

– Сәлеметсіз бе! Кіріңіз. Отырыңыз.
– Сіздің қайда демалғыңыз келеді?
– Біріккен Араб Әмірліктерінде демалғым келеді.
– Неше күнге барғыңыз келеді?
– 7 күнге.
– Қай уақытқа алғыңыз келеді?
– Маусым айына.
– Кіммен барасыз?
– Отбасыммен. Екі ұлым, қызыммен. Күйеуім бара алмайды.
– Балаларыңыз неше жаста?
– Үлкен ұлым 18 жаста, екінші ұлым 13 жаста, қызым 6 жаста.



LIVEWORKSHEETS

ә

– Міне, 21-28 маусымда тур бар. Көргіңіз келе ме?
– Ұшақ таңертең, Астанадан ұшасыз.
– Бізді әуежайда қарсы ала ма?
– Әрине, сізді қонақүйге алып барады.
Қандай қонақүйде болғыңыз келеді?
– 5 жұлдызды қонақүйде.
– Жақсы, 7 жасқа дейінгі балаларға тегін болады.

б

– Мына қонақүйді көріңізші. Қонақүй Дубайдың орталығында, әуежайға жақын, бірінші жағалауда.
– Қонақүйдің жанында сауда үйі бар ма?
– Қонақүйдің жанында мейрамханалар, үлкен сауда үйі, аквапарк бар.
– Қонақүй ыңғайлы ма?
– Бұл өте ыңғайлы қонақ үй. Мына бөлме 146 шаршы метр. Әр бөлмеде теледидар мен ауабаптағыш, тоңазытқыш, сейф, 3 жуыну бөлмесі бар. Қонақүйдің ауласында үлкен бассейн және балалар бассейні, балалар алаңы бар.
– Иә, осы қонақүй ұнады.
– Жақсы, төлқұжатыңызды беріңіз.

**4. Сұқбаттың мазмұны бойынша қалау райлы сұрақтар құрастырыңыз.**

а) ______________________
______________________
ә) ______________________
______________________
б) ______________________
______________________
в) ______________________
______________________
г) ______________________

**5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.**

*демалу/Сіздің/шетелде/келе ме?*
*Сіздің шетелде демалғыңыз келе ме?*

*көлік/сатып алу/жаңа/Автосалоннан/келеді*
1. ______________________
*Астанадан/сатып алу/жаңа/үй/келеді/Менің*
2. ______________________
*келеді/әдемі/Оның/қызбен/танысу*
3. ______________________
*Әлкейдің/Түркия/отбасымен/бару/келеді*
4. ______________________

**6. Сұқбаттың көмегімен орындаңыз.**

| Мысалдар | дұрыс (+) | бұрыс (-) | Мәтінде жоқ ақпарат |
|---|---|---|---|
| Оның Дубайға барғысы келеді. | | | |
| Бір апта демалғысы келеді. | | | |
| 5 жұлдызды қонақүйде болғысы келмейді. | | | |
| Отбасында күйеуі, екі ұлы, қызы бар. | | | |
| Демалысқа күйеуімен, 2 ұлы, қызымен барады. | | | |
| Оларды әуежайда қарсы алмайды. | | | |
| Қонақүй қаланың орталығында, әуежайға алыс, бірінші жағалауда орналасқан. | | | |
| Қонақүйдің жанында мейрамхана, сауда үйі, аквапарк бар. | | | |
| Қонақүйде балаларға арналған бассейн жоқ. | | | |



LIVEWORKSHEETS